

КПО «Алтын Парыз» марапатын алды

2010 жылдың 21 желтоқсанында Астана қаласында Қазақстан Орталық Концерт залында Қазақстанның индустриалдық Картасы нысандарының тұсаукесері және Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сапа бойынша «Алтын сапа» және әлеуметтік жауапкершілікті бизнес «Алтын Парыз» жүлдесінің лауреаттарын марапаттау рәсімі болып өтті. Бұл шаралар бір мақсатқа – Қазақстанның жаңа экономикасын құруға жұмылдырылған.

«Парыз 2010» әлеуметтік жауапкершілікті бизнестің Республикалық байқауының қорытындылау рәсімінде «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы «Үздік әлеуметтік жоба» категориясы бойынша алтын белгі алды. Салтанатты рәсімге Қазақстан Республикасының Президенті, премьер-министр, үкімет мүшелері және басқа да ресми адамдар қатысты.

КПО компанияның партнерлері мен облыстық әкімдіктің қолдауымен компания тұрғындарының басым бөлігі тұратын Батыс Қазақстан облысы мен кен орны-



на жақын орналасқан селолық округтер тұрғындарының тұрмысын жақсартуға өз үлесін қоса отырып әлеуметтік жауапкершілікті бизнестің үлгісі болуға тырысады.

әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады және ең жоғары жетістіктерге қол жеткізгендерін мақтаныш етеді. КПО «Парыз» байқауына бірнеше жылдан бері қатысып келеді, ал биыл алған алтын белгі компания үшін де, оның қызметкерлері үшін де, партнерлер мен мердігерлер үшін де маңызды жетістік болып табылады.

«Парыз 2010» финалындағы іріктеу өте қатаң, ал бәсекелестер өте мықты болды. Жеңімпаздар экономиканың әртүрлі саласын қамтитын 400 компанияның ішінен таңдап алынды. Байқаудың мақсаты - жалпы қоғамның, өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың қажеті мен керегіне ерекше көңіл аударатын кәсіпорындар мен компанияларды анықтап, атап көрсету болатын. Биылғы жылы «Парыз» рәсімі ерекше мәнді болды, өйткені биыл жеделдетілген индустриалды-инновациялық өркендеу бағдарламасын жүзеге асырудың алғашқы жылы қорытыланды. Бұл бағдарлама шеңберінде, жыл ішінде Қазақстанда 152 жаңа жоба іске қосылды.

ҚР Парламент депутаттары Қарашығанақта

Астана қаласында өткен ірі ОБСЕ форумының алдында Қарашығанақ кен орнына танысу үшін Қазақстан Парламентінің депутаттары келіп кетті. Делегацияның құрамында Мұхамбет Көпеев, Ирак Еликеев, Кабибулла Жақұпов, Ерболат Мұқаев, Рашид Ахметовтер бар. Олармен бірге Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен жергілікті Бөрлі ауданының әкімдігінің өкілдері де бірге жүрді. Депутаттармен кездесуге КПО компаниясының атынан өндіріс жөніндегі директор Грэм Скоттон, өкіметпен байланыс жөніндегі директор Нұржан Камалов және кен орнының менеджері Роберто Де Митри келді.

Кездесу барысында КПО өкілдері Қарашығанақ кен орнын дамыту кезеңдеріне қатысты, сол сияқты КПО компаниясының



Батыс Қазақстан аймағын өңдеу кешеніне экскурсия жасады. Онда олар кен орнының операторлық бөлігіне барып көмірсутегі өндірудің бүкіл күрделі механизмінен өз көздерімен көріп қайтты.

Персоналды дамыту

секциясының үздік қызметкерлері

2010 жылғы желтоқсанның басында КПО-ның оқу орталығында оқу мен дамыту бөлімінің 2010 жылғы персоналды дамыту секциясының үздік қызметкері байқауының жеңімпазын жариялау рәсімі болып өтті.

Жылдың басында жарияланған байқау 10 айға созылған еді, яғни 1 қаңтардан 31 қазанға дейін жүрді. Осы мерзім біткеннен кейін секцияның әрбір қызметкерінің персоналды оқытумен дамыту жоспарының орындалуы бағаланды. Бұл жерде мына көрсеткіштер ескерілді: жоспарланып ұйым-

дастырылған курстардың жалпы санынан үлесі, Ақсайда ұйымдастырылған курстардың жалпы санынан үлесі (бұл бюджетті тиімді пайдаланғанына куәлік етеді), оқып шыққан қызметкерлердің жоспарланған жалпы санынан үлесі, оқуға жұмсалған бюджеттен үлесі. Сол сияқты, қараша, желтоқсан айларына жоспарланған және ұйымдастырылған курстар да назарға алынды. Бір командада жұмыс жасай білу қабілеті, тәртібі, секцияның және компанияның басқа бөлімдерімен қарым-қатынасы, жобаларды табысты

жүзеге асырумен секцияның әрбір қызметкерінің бастамашылығы бөлек бағаланды.

Осы кешенді сараптама жұмыстарының нәтижесінде екі «2010 жылғы секцияның үздік қызметкері» анықталды. Бірінші орынды Нурадинов Рафхат, екінші орынды Курылева Оксана иеленді. Персоналды дамыту секциясының басшысы Ирина Смоленская атап өткендей: «Нурадинов Рафхат КПО-ның техникалық бөлімдері үшін курстар ұйымдастыруға жауап беретін топтың көшбасшысы. Ол өз командасының барлық мүшелеріне үлкен және жан-жақты көмек көрсетеді. Оксана Курылева секцияның барлық жаңа қызметкерлері үшін тамаша тәлімгер болып табылады. Ол өте ашық мінезді, әрі өзге жандардың өтініштері мен қажетіне өте мұқият. Рафхат пен Оксана өз жұмыстарына бар уақытын, күшін, қуатын, ал ең бастысы жанын сала жұмсайтын жандар. Мен біздің секциямызда осындай тәжірибелі әрі жоғары кәсіби мамандар жұмыс жасайтынына өте қуаныштымын. Олардың оқу және даму бөлімінің жұмысына қосқан үлесі қомақты. Олар ең күрделі істерді де атқара алады».



Өткен жылды қорытындылау

2010 жыл КПО компаниясы үшін жеңіл болған жоқ, әрі өкінішке орай жобамыздың болашағы да айқын емес.

Бірақ осындай қиын жағдайларға қарамастан біз осы жылы көптеген жетістіктерге қол жеткіздік және олардың барлығы 16-шы және 17-ші желтоқсан, Лондон қаласында өткен мердігерлер комитеті жиналысында төрт құрушы компаниялармен бағаланды.

Осы жылдың қаңтар айында өндіріс саласы бойынша айлық газды өндіру бойынша рекордтық көрсеткішке ие болдық, яғни 767 млн. ст. м. куб (күніне 24,7 млн. ст. м. куб) газ өндірілді. 2010 жылы Қарашығанақ кен орнында жоспарлы алдын алу-жөндеу жұмыстары жұмыс кестесінен озық және жұмыс уақытын жоғалту апатынсыз (800 000 адам-сағат) жүргізілді. Қазан айында газды қайта айдау бойынша күніне 25,2 млн. ст. м. куб көлемінде жаңа рекордқа қол жеткізсек, ҚӨК-де бір тәулікте көлемі 25 200 тонна болатын рекордтық көмірсутекті шикізат көлемі өңделген. Ал желтоқсан айында өндіру деңгейі мұнай эквивалентіндегі рекордтық 454, 33 мың баррельге жетті. Қарашығанақ кен орнында қазылған ең терең №9828 ұңғымасы (6 593 м) станокты көшіру жұмыстарымен қоса 77 күн ішінде толық игерілді. Бұрғылауды оңтайландырғаны үшін КПО компаниясы «Би Джи Групп» өткізген байқауда «Технологиялар» категориясы бойынша бірінші орын алды.

Әлемде бар ең үздік технологияны қолданғаны үшін «Қоршаған ортаны қорғау» номинациясы бойынша біздің «Эко-орталық» «Би Джи Групп» компаниясы директорлар кеңесі Төрағасының үздік жүлдесіне ие болды. Сонымен қатар ISO 14001 стандарты бойынша өткізілген аудит сәтті аяқталды.

2009 жылғы нәтижелердің негізіндегі жақсарту бағыттары көрсетілген Қауіпсіздік жоспарын жүзеге асыру шараларына сәйкес біз жыл бойы сіздердің қолдауларыңызбен қызмет қауіпсіздігін жетілдіру мәселелеріне көп көңіл бөліп келдік. Жұмыс орнындағы қауіпсіздік біз үшін маңызды мәселелердің бірі болып қалды, оған қоса қауіпсіздік мәселелеріне немқұрайды қарамай, әрі қарай толығымен зақымсыз жұмыс ортасына талпынуымыз керек.

SAR жобасын іске асыру басталған болатын, және әлеуметтік жобалар бағдарламасы бойынша салынған жаңа орта мектеп ашылды.

2010 жылғы жоспарлы алдын алу-жөндеу жұмыстарынан кейін біз ГҚДҚ-2 материалдарды ауыстыру жобасын аяқтадық, сонымен қатар Қарашығанақ-Орал газ құбырын салу жобасының аясында Жымпиты ауданына дейінгі тармақ пайдалануға берілді.

IV технологиялық желі жобасы бойынша біз зор табысқа қол жеткіздік, ал қазір менің ойымша осы жобаның өте маңызды кезеңіне аяқ басып келеміз. Құрылыстан кейін технологиялық желі іске қосылып ҚӨК өндіріс жүйесінің бір бөлігі ретінде жұмыс істейді. Мұндай әрекет толық көңіл бөлуді және жоғары кәсіпқойлықты талап етеді. Жұмыстардың оң нәтижелері КПО үшін өте маңызды, себебі біздің компания осындай маңызды әрі күрделі жобаларды іске асыра алатынына тағы да бір дәлел болады.

Сонымен қатар КПО-ны барлығы бірге орындайтын бірыңғай іс атқару бағдарламасы бар, біртұтас мекеме ретінде қарастырып, бірыңғай мәселелерді шешу тәсілдерін қолдап, біз жұмыс жасау әдістерімізді жетілдіріп, компаниядағы әр түрлі бөлімшелер арасындағы өзара қарым-қатынас мәселелеріндегі әлсіз тұстарын жеңдік деп ойлаймын.

Өткен 2010 жылдың нәтижелерін мақтан тұтуымыз керек деп ойлаймын, және осы сәтті пайдаланып барлығыңыздың жоғары кәсібилігіңіз үшін, және компанияға деген адал қызметіңіз үшін алғысымды білдіргім келіп отыр.

2011 жылда біз Қарашығанақ кен орнындағы өндіріс қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуді, жоспарланған жобаларды жүзеге асырып, тиімділікті арттыру жұмыстарын және жетілдіру мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануды жалғастырамыз.

Сіздерді және отбасыларыңызды келген Жаңа жылмен құттықтаймын!

«ЭНИ» компаниясы Қарашығанаққа іс сапармен келді

Осы жылдың ортасында көбінесе топ менеджерлерден тұратын, 6 адамнан құралған «ЭНИ» компаниясының делегациясы Қарашығанаққа келіп кетті. Өндіріс бойынша атқарушы вице-президенті болып табылатын Антонио Велла делегацияны бастап келді.

Делегация сапарының басты мақсаты - кен орны аумағындағы өндіріс нысандарымен, КПО компаниясының ағымдағы өндірістік қызметімен танысу, сол сияқты компания басшыларымен КПО-ның жобада қолданып жүрген кен орнын игерудің озық тәсілдерін талқылау.

Қарашығанақта екі күн болған «ЭНИ»-дің өкілдері КПО-ның жоғарғы басшыларымен кездесті, сонымен бірге Қарашығанақ кен орнының өндірістік нысандарымен танысты. Оның ішінде ҚКК (КПК), ГП-2, ГП-3, IV технологиялық желі, КПО компаниясының қоршаған ортаны қорғау міндеттемесі ретінде пайдалануға берілген КПО-ның «Эко Орталығы» бар. Олар КПО басшыларымен кездесіп, жоғары мәртебелі қонақтардың назарына Қарашығанақ кен орнын өркендетудің негізгі аспектілеріне қатысты толықтай хабарлама ұсынылды. Бұдан басқа КПО компаниясының болашаққа жоспарлары, яғни оның 2011 жылғы өндірістік қызметі талқыланды.



Қарашығанақта «Кондор» оқуы өтті

КПО компаниясы Қарашығанақ кен орнында мұнайгаз игеру жұмыстарын жүргізу барысында экологиялық және өндірістік қауіпсіздікке бірінші кезекте мән береді. Өткен жылдың аяғында Қарашығанақ кен орнында «Кондор» кодтық атауымен өткізілген кешенді оқу да осыны дәлелдеп берді. Оқудың басты мақсаты - КПО компаниясының авариялық-құтқару қызметтерінің дайындығы мен өзара бірлескен қимылын тексеру.

Оқу КПО-ның авариялық-құтқару қызметтерінің ТЖ жою үшін қажетті барлық құрал-жабдықтармен жабдықталғанын көрсетті. Оқу барысында КПО нысанда-

ры басшыларының дағдылы және үйлесімді әрекеттері қалыптастырылып, авариялық жағдайды тоқтату және жоюға, адамдарды құтқару мен қауіпті факторлардың әсерін төмендетуге қажетті күш-қуаттары анықталды. Кешенді оқу КПО-ның Қарашығанақ кен орнын қауіпсіз игеру үшін жеткілікті тәжірибе мен мүмкіндіктері бар екенін тағы бір рет дәлелдеп берді.

Оқуға қатысушылар тиісті бөлімдердің көрініс үшін жасалған авариялық жағдайды жою, өндірістік нысандағы өртті сөндіру мен полигонда автокөлік құралының жануы кезіндегі әрекеттерін, сонымен бірге жарақаттанғандарға

көмекке келу әрекетінің репетициясын көрді.

Оқуды ұйымдастырушылар бірнеше шартты түрде авариялық жағдай жасап, құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің, дәрігерлер мен байланысшылардың үйлестірілген және шапшаңдығымен ерекшеленген іс-қимылдарын көрсетті. Кешенді оқуда оқу жоспарын толықтай орындау үшін жоспар бойынша ТЖ шарттары мен зақымданған ошақ жағдайына жақындатылған күрделі сабақ аларлық жағдай туғызылды.

Жалпы алғанда, оқу Қарашығанақтағы өртүрлі авариялық жағдайды жоюға толықтай сақадай-сай екенін көрсетіп, жоғары кәсіби деңгейде өтті. Сонымен бірге барлық іс-әрекеттер мұқият сараптаудан өткізіліп, ары қарай дамыту үшін тиісті бөлімдерге ұсынылатын болады.

2011 жылдың 6 қаңтарында Қарашығанақ кен орнында, ҚКК (КПК), №31 өрт сөндіру бөлімінде, Қарашығанақ кен орнының «Ең үздік өрт сөндіру бөлімі» аталымының кезекті салтанатты рәсімі болып өтті.

Байқау кен орнына қызмет ететін үш өрт сөндіру бөлімі арасында өтті. Өрт сөндірушілердің кәсіби дайындығы, шапшаң әрекет етуі және өрт сөндіру бөлімдерінің ТЖ іс-қимылы, авариялық-құтқару құрал-жабдықтарының сайлылығы мен нысандармен өзара бірлескен іс-қимылы, кен орнында өртті болдырмау үшін алдын алу жұмыстарын өткізуі бағаланды.

Салтанатты рәсімге кен орнының менеджері Пол Митч, кен орнындағы ЕБ, ТҚ мен ҚОҚ бөлімдерінің менеджері Брайан Попович, АР тобының бастығы Александр Охрименко, УКПГ-2 менеджері Энзо Антоначи, ГП-3 суперинтенданты Оңайбай Марқабаяев, «Өрт сөндіруші» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры С. Күзенбаев, «Өрт сөндіруші» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы директорының орынбасары Н. Маштаковтар қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша «Үздік өрт сөндіру бөлімі-2010» аталымында ГП-2-дегі №28 өрт сөндіру бөлімі жеңімпаз деп танылды.

Дәстүрлі «Өрт сөндірушінің алтын балтасын» кен орнының менеджері Пол Митч №28 өрт сөндіру бөлімінің бастығы Мұхамедьяров Қайратқа тапсырды.

«Өрт сөндіруші» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры С. Күзенбаев сөз сөйлеп, КПО компаниясының басшылығына жа-

Кен орнындағы «Ең үздік өрт сөндіру бөлімі»



салып отырған жұмыстарын жоғары бағалағандары үшін алғыс айтты және өткен 2010 жылды қорытындылап, «Өрт сөндіруші» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалының 2011 жылға жасап отырған перспективалық жоспарымен таныстырды.

Кен орнындағы ЕБ, ТҚ мен ҚОҚ бөлімдерінің менеджері Брайан Попович өз сөзінде компания басшылығы мен ҚР ТЖ Министрлігі компанияда өрт қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан жұмыстарды жоғары бағалайтынын атап өтті. Өз сөзін аяқтай келе Брайан Попович кен орнындағы өрт сөндіру бөлімдері бойынша отрядтың

бастығы Нұржанов Талғатқа ТЖ жою мен алдын алу жұмыстарына қосқан үлесі үшін ҚР ТЖ Министрі В.К. Божконың алғыс хатын тапсырды.

Салтанатты рәсім кезінде еңбек сіңірген ардагерлерге марапат тапсырылды. Еңбек ардагері, №10 өрт сөндіру бөлімінің бастығы Б. Мамбетов, кен орнындағы өрт сөндіру қызметінің кезекшісі Н. Компанеев «Ардагер» медалімен марапатталды.

Авариялық іс-қимыл тобының басшысы Александр Охрименко өз сөзінде 2010 жылдың тамыз айындағы кен орны аумағында өткен кешенді оқу-жаттығу кезінде БҚО ТЖ департаменті,

Берлі ауданының әкімдігі мен Ресей Федерациясының ТЖМ өкілдерінің кен орнының Авариялық іс-қимыл тобының кәсіби дайындығы мен өрт сөндіру қызметінің жұмысына жоғары баға бергенін атап өтті. Александр Охрименко қол жеткен жетістіктерге масайрамай, бұл жұмысты ары қарай осындай жоғары деңгейде жүргізе беру керектігін айтты.

№28 өрт сөндіру бөлімінің марапатталуы КПО компаниясындағы айтулы күндердің бірі болды және ТЖ алдын алу мен оны жою саласында ары қарай жемісті жұмыс жасауға жігерлендіретін болады.

Қарашығанақ кен орнында орналасқан өрт сөндіру бөлімдерінің өрт сөндіретін және авариялық-құтқару жұмыстарын жүзеге асыратын заманауи өрт сөндіру техникаларымен және өрт сөндіргіш құрал-жабдықтармен жабдықталғанын айта кетуіміз керек. Бұдан басқа жеке құрам жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген (СИЗ). Бөлімде қызметкерлерді психологиялық тұрғыдан дайындау үшін заманауи, толық жабдықталған жылу-түтін камерасы бар. Онда сабақ барынша шынайы, өрт кезіндегідей өтеді, яғни шулау эффектілері (ыңырсу, айқайлау, қирап жатқан ғимараттардың дыбысы), көру эффектілері (түтін пердесі), физикалық эффектілер (бөлменің жоғары температура-сы). Жеке құрамның демалуы үшін қажетті тұрмыстық бөлмелер бар (душ, жатын бөлме, демалыс бөлмесі, тренажер залы және т.б.).

КПО қызметкерлері мен селолықтардың консультативтік кеңестердегі әңгімесі

КПО Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдардың тұрғындарына жақсы көрші болуға тырысып келеді және жергілікті қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен ынтымақты қарым-қатынас орнатуға көп көңіл бөліп келеді. Осы мақсатта компанияда әлеуметтік саясат шеңберінде әртүрлі механизмдер жасақталған. Консультативтік кеңестер мен қоғамдық тыңдаулар арқылы компания өз қызметінен жергілікті тұрғындарды хабардар етіп, олардың қажетіне орайластыра алады. Мұндай кездесулер тұрғындарға компанияда өтіп жатқан шаралар туралы білуге, сол сияқты өздерін қызықтырып жүрген сұрақтарға жауап алуға көмектеседі. 2010 жылдың желтоқсанында КПО-ның тұрақты өркендеу бөлімінің тұрғындармен жұмыс секциясы Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан сегіз елді мекенде консультативтік кеңестер өткізді. Аталған кездесулердің басты мақсаты - «Қарашығанақ кен орны мен оның нысандарына жақын жерде тұратын тұрғындар үшін» жаңартылған арыз жазу процедурасымен таныстыру болды.

Музафарова Зульфия КПО-ның тұрғындармен жұмыс секциясының басшысы «Кен орнының қызметіне байланысты арыздардың қабылдануы мен қаралу процедурасы» тақырыбына хабарлама жасады. Онда кім, қандай мазмұнда арыз бере алатыны, оны қалай хабарлайтыны, сол сияқты арызды қарау кезеңдері туралы толық мәлімет берілді. Мұндай процедуралардың түскен арызды ашық, аз уақыт ішінде қарауға және ол тиісті үйлестіру қимылдарын жасауға, оның қайта көтерілуінің алдын алуға мүмкіндік береді. Осылайша КПО-ның арыздарға жауап бойынша жасап отырған іс-әрекеті ұзақ мерзімге және екі жаққа да қолайлы.

Арыздар Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан сегіз ауылдан, Ақсай қаласы тұрғындарынан, КПО компаниясының Қазақстан Республикасындағы экспорттық тұрба желісі маршруты бойындағы елді мекендердің тұрғындарынан қабылданады. Көтеріліп отырған мәселе Қарашығанақ кен орнын игеру мен пайдалану жұмысына тікелей қатысты болуы шарт. Берілген

ақпарат тұрғындардың ерекше қызығушылығын туғызды және көптеген сұрақтар қойылды.

Шара соңында барлық келгендерге арыз толтыратын бланкілердің үлгілері мен КПО-ның қызметіне байланысты арыздардың қабылдануы мен қаралу процедурасы бойынша қазақ және орыс тілдерінде кітапша таратып берілді. Бұдан басқа әрбір ауылдық тұрғынның қолы жететін ыңғайлы жерге өтініштер мен ұсыныстар жөшігін орнату туралы шешім қабылданды. Кейбір селоларда әкімдіктерде, ал кейбір ауылдарда кітапхана ғимаратында, пошта бөлімдерінде, дүкендерде орналасқан.

Жалпы алғанда, Жарсуат, Березов, Приуралье, Димитрово, Қарашығанақ, Бестау, Успенев және Жаңаталап ауылдарының тұрғындарымен кездесу қызу, әрі жылы шырайда өтті. КПО үшін Берлі ауданының тұрғындары алдында құрметке ие болу өте маңызды, сондықтан қоғамдық ұйымдармен осындай диалогтар өткізу ары қарай жалғасатын болады.